ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ДІНТАНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНУ КАФЕДРАСЫ

# «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНТАНУЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ» атты ғылыми-практикалық конференция МАТЕРИАЛДАРЫ



**Редакция алқасының төрағасы**

| | |
|---|---|
| Құрманалиева Айнұр Дүрбелеңқызы | дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор |

**Редакция алқасының мүшелері:**

| | |
|---|---|
| Байтенова Нағима Жаулыбайқызы | философия ғылымдарының докторы, профессор |
| Ғарифолла Есім | ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарынын докторы, профессор |
| Құлсариева Ақтолқын Тұрлыханқызы | ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор |
| Рысбекова Шамшия Сайдгалиевна | философия ғылымдарының докторы, профессор |
| Борбасова Қарлығаш Молдағалиқызы | философия ғылымдарының докторы, профессор |
| Абжалов Сұлтанмұрат Өтешұлы | философия ғылымдарының кандидаты, доцент |
| Мейрбаев Бекжан Берікбайұлы | философия ғылымдарының кандидаты, доцент |
| Утебаева Динара Сахибовна | докторант |
| Әскенұлы Елнұр | жауапты хатшы, магистрант |

*«Қазақстан Республикасындағы миссионерлік қызмет ерекшеліктері» ғылыми-зерттеу жобасы аясында*

**«Қазақстандағы** дінтанулық білім беру және діни сауаттылық» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, 16 маусым 2016 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 154 б.

**ISBN 978-601-04-2523-1**

Дінтану – Қазақстанда қалыптасып келе жатқан жаңа ғылым саласы. Кешенді ғылым ретінде дінтанудың зерттеу саласының аясы кең. Көпконфессиялы мемлекет ретінде Қазақстан қоғамында тұрақтылықты, тыныштықты сақтаудың маңызы зор. Осы орайда діни бірлестіктердің қызметін мемлекет тарапынан реттеу шараларының сапалы әрі жүйелі болғаны маңызды. Жинақта дәстүрлі емес діни бірлестіктердің қызметін, дін және қоғам мәселелерін қамтитын, сондай-ақ білім беру үрдісін дамытуға қатысты зерттеулер бойынша мақалалар жинақталған. Жинақ аталған тақырыппен айналысып жүрген ғалымдар, жас зерттеушілер, жоғары және орта мектеп оқытушылары, докторанттар мен магистранттар, мемлекеттік жұмыс қызметкерлері және діни қайраткерлер, сонымен қатар осы мәселеге қызығушылық танытатын көпшілік қауымға арналған.

*А.Д. Құрманалиева,*
*Қ.М. Борбасова,*
*Ш.С. Рысбекова*

## Христиандықтың миссионерлік қызметінің тарихы және оның таралуына ықпал етуші факторлар

Христиандықтың негізі болып табылатын миссионерлік қызмет ерте кезендерден бастау алады. Оған мысал ретінде Інжілдегі: «Сондыктан барлық халықтарға барыңдар! Оларды Менің шәкірттерім етіп, Құдай Әкенің, рухани Ұлының және Киелі Рухының атымен шомылдыру рәсімінен өткізіңдер» (Итак идите, научите все народы, крестя их во имя Отца и Сына и Святаго Духа) (Мф. 28:19.) сөздерді келтіруге болады. Қуғынға түссе де, діннен кол үзді деген айып тағылса да, Інжіл туралы айту кажеттігі мынадай накты тұжырыммен түсіндірілді: «Сонымен Мені адамдар алдында мойындаған әркімді Мен де көктегі Әкемнің алдында мойындаймын» («Итак, всякого, кто исповедает Меня пред людьми, того исповедаю и Я пред Отцом Моим небесным»). (Матф. 10:32).

Дэвид Бош христиандықтың миссинерлік қызмет тарихы туралы айтқанда, Кунг ұсынған тарихи парадигмаларды пайдалануды дұрыс деп есептейді. Кунг миссиология тарихын алты кезенге бөледі: ерте христиандық кезең, әулие әкейлер кезені, орта ғасырлар, реформация, ағарту дәуірі және экумендік кезен [1] Миссионерлік дәстүрдің негізгі принциптері Еуропаны христиандандыру кезеңінде қалыптасты (500-1500). Сол кездің өзінде алғашқы «миссиялық үлгілер» жасалды. Оларды өздеріне тән, басым белгілері арқылы үш категорияға біріктіруге болады: этноцентрлік, аккомодациялық және контекстуалды [2].

### Христиандықтың таралуына ықпал етуші сыртқы факторлар

1. Рим әлемі. Жерорта теңізінің барлық бассейні Рим өкіметінің кол астында болды. Рим билеушілері мемлекетте теңдессіз деңгейде тәртіп пен бейбітшілікті сақтады, бүкіл империядағы жол жүйесін реттеп, жолдар салды және теңіз коммуникацияларын